Дюсембаева Гульнур — PhD докторант, кіші ғылыми қызметкер, «Ө.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ, Алматы, Қазақстан,
E-mail: g_gazinovna@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2721-997X>;

Тотхусқызы Бақытгул — PhD, ғылыми қызметкер, «Ө.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ, Алматы, Қазақстан,
E-mail: bakytgul.sakenova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-8119-668X>.

Аннотация: Бұл зерттеу галлий иондарын сіңіруге қабілетті катионал-мастырғыш шайырлардың сорбциялық қасиеттерін салыстырмалы бағалауға арналады. Галлий сирек әрі стратегиялық маңызды металл болғандықтан, оны тиімді бөліп алу мен тазарту технологияларын дамыту қазіргі химия мен металлургиядағы өзекті мәселе. Осыған орай атомдық эмиссиялық спектроскопия және инфрақызыл спектроскопиялық талдау әдістерімен әлсіз және күшті қышқылды полиэлектролиттердің галлий иондарына қатысты сорбциялық қасиеттеріне талдау жүргіздік. Алынған зерттеу нәтижелерінен әрекеттесу уақытының артуымен барлық сорбенттерде сорбция дәрежесі артатыны анықталды. Гель түріндегі полиакрил қышқылы гидрогелінің және күшті қышқылды микрокеуекті КУ-2-8 (Na⁺) катионалмастырғышының галлий (III) катиондарына қатысты

айтарлықтай жоғары алмасу қабілеті бар екені белгілі болды. Сору дәрежесі әлсіз қышқылды, макрокеуекті Леватит CNP LF (H^+) үшін 34.79%, ал гель түріндегі ПАҚГ үшін 54.49% және гель түріндегі микрокеуекті КУ-2-8 (Na^+) үшін 53,93%. Полимер тізбегінің галлий иондарымен байланысу дәрежесінің ең жоғары мәні 48 сағат әрекеттесуден кейін ПАҚ гидрогелінде 2.79% құрады. Тиімді динамикалық алмасу сыйымдылығы ПАҚГ, Леватит CNP LF (H^+) және КУ-2-8 (Na^+) ионалмастырғыштарында жоғары екені анықталды. Талдау нәтижелері бойынша қарастырылған ионалмастырғыштардың галлий иондарын сору дәрежесі мына қатар бойынша артатыны белгілі болды: ПАҚГ > КУ-2-8 (Na^+) > Amberlite IR120 > КУ-2-8 (H^+) > Леватит CNP (H^+). Зерттеу нәтижесі бойынша Ga (III) ионына тиімді сорбенттер ретінде полиакрил қышқылының гидрогелін және гель түріндегі микрокеуекті КУ-2-8 (Na^+) катионалмастырғышын ұсынуға болады.

Түйін сөздер: галлий, катионалмастырғыш шайырлар, ПАҚ гидрогелі, леватит CNPLF, КУ-2-8, Amberlite IR120, сорбция дәрежесі

***Қаржыландыру:** Зерттеу жұмысын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (грант № AP26195783) қаржыландырды.*

© Х. Химэрсэн, Т.К. Джумадилов, А. Имангазы, Г.Т. Дюсембаева,
Б. Тотхусқызы, 2025.

АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан.
E-mail: huana88@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ПОЛИЭЛЕКТРОЛИТОВ С ИОНАМИ ГАЛЛИЯ В ВОДНОЙ СРЕДЕ

Химэрсэн Хуангул — PhD, научный сотрудник, АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан,

E-mail: huana88@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5138-5997>;

Джумадилов Талқыбек — доктор химических наук, профессор, АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан,

E-mail: jumadilov@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9505-3719>;

Имангазы Алдан — научный сотрудник, АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан,

E-mail: kazpetrochem@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-7834-1022>;

Дюсембаева Гульнур — PhD докторант, младший научный сотрудник, АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан,

E-mail: g_gazinovna@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2721-997X>;

Тотхусқызы Бақытгул — PhD, научный сотрудник, АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан,

E-mail: bakytgul.sakenova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8119-668X>.

Аннотация: Данное исследование посвящено сравнительной оценке сорбционных свойств катионообменных смол, способных поглощать ионы галлия. Поскольку галлий относится к числу редких и стратегически важных

металлов, разработка эффективных технологий его извлечения и очистки является актуальной задачей современной химии и гидрометаллургии. В связи с этим были проанализированы сорбционные характеристики слабокислотных и сильнокислотных полиэлектролитов по отношению к ионам галлия с использованием методов атомно-эмиссионной спектроскопии и инфракрасного спектроскопического анализа. Полученные данные показали, что степень сорбции возрастает с увеличением времени контакта для всех исследованных сорбентов. Установлено, что гидрогель полиакриловой кислоты (ПАК) и сильнокислотный микропористый катионит КУ-2-8 (Na^+) обладают существенно более высокой обменной ёмкостью по ионам галлия(III). Степень сорбции для слабокислотного макропористого ионита Lewatit CNPLF (H^+) составляет 34,79%, для гидрогеля ПАК — 54,49%, а для микропористого КУ-2-8 (Na^+) — 53,93%. Максимальная степень комплексообразования полимерной матрицы с ионами галлия в гидрогеле ПАК достигла 2,79% после 48 часов взаимодействия. Анализ ионообменных материалов показал, что сорбенты ПАК, Lewatit CNP LF (H^+) и КУ-2-8 (Na^+) демонстрируют наиболее высокую динамическую обменную ёмкость по ионам галлия среди исследованных образцов. Степень поглощения ионов Ga(III) увеличивается в следующем порядке: гидрогель ПАК > КУ-2-8 (Na^+) > Amberlite IR120 > КУ-2-8 (H^+) > Lewatit CNP (H^+). На основании результатов исследования гидрогель ПАК и микропористый катионит КУ-2-8 (Na^+) могут быть рекомендованы как эффективные сорбенты для извлечения ионов галлия(III) из водных растворов.

Ключевые слова: галлий, катионообменные смолы, гидрогель ПАК, леватит CNPLF, КУ-2-8, Amberlite IR120, степень сорбции

Финансирование: Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP26195783)

Кіріспе. Галлий (Ga) – периодтық жүйенің 13-тобында (бұрынғы классификация бойынша – үшінші топтың негізгі топшасы, IIIA) орналасқан стратегиялық маңызды элемент. Иондық радиусы шамамен 0,62 Å. Табиғатта қоспа түрінде алюминий (боксит), мырыш (мырыш қоспалары) және германий (германит) кендерінде кездеседі (<https://www.examples.com/chemistry/gallium.html#:~:text=Gallium%20is%20utilized%20in%20various,the%20development%20of%20innovative%20technologies>). Галлийдің қорытпалары мен қосылыстары радиоэлектроника, шыны және керамика өнеркәсібі үшін өте маңызды. Мысалы, галлий арсениді (GaAs) және галлий нитриді (GaN) ұялы телефондар, суперкомпьютерлер және талшықты-оптикалық байланыс желілерінде қолданылатын жартылай өткізгіш материалдарды өндіруде қолданылады (Pechishcheva et al., 2020; Ji Gu, 2025; Popa et al., 2013; Shi et al., 2024)

Галлийді алу әдістеріне байланысты оны тікелей технологиялық ерітінділерден немесе құрамында Ga бар концентраттардан алу мүмкін. Шығу тегі әртүрлі технологиялық ерітінділерден Ga қосылыстарының бастапқы концентрациясын

қалпына келтіру және тазарту мәселесін шешуде ион алмасу процестері қолданылады (Chirkst et al., 2013; Cheremisina et al., 2013). Көптеген табиғи және жасанды қосылыстар ион алмасу қасиетіне ие. Бірақ практикалық маңыздылығы бойынша синтетикалық ион алмастырғыш шайырлардың алатын орны ерекше. Мұндай иониттердің ионогендік топтары сулы ерітінділерде диссоциацияланып ғана қоймайды, сонымен қатар белгілі бір жағдайларда ион алмастырғыш және комплекс түзуші қасиетке ие. Ион алмастырғыш шайырлардың сорбциялық қасиеттерін зерттеу нәтижесі өндірістік ағынды сулардан бағалы микроэлементтерді бөлуге септігін тигізеді (Pimneva, 2011; Hesamoddin et al., 2025; Nguyen et al., 2019; Jumadilov et al., 2017; Jumadilov et al., 2025). Галлий иондарына селективті катионалмастырғышты анықтау мақсатында галлийдің әртүрлі ион алмастырғыш шайырлардағы сорбциясы зерттелді: әлсіз қышқылды ПАҚГ, Леватит CNP LF (H^+), күшті қышқылды КУ-2-8 (H^+), КУ-2-8 (Na^+), Amberlite IR120.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу объектісі ретінде зертханада синтезделген полиакрилқышқылының гидрогелі (ПАҚГ) және өндірістік катионалмастырғыш шайырлар Леватит CNP LF (H^+) (Lanxess Deutschland GmbH, Кельн, Германия), Amberlite IR120 (Sigma-Oldrich, Германия), КУ-2-8 (H^+) және КУ-2-8 (Na^+) (Токем, Ресей) алынды.

ПАҚГ – полиакрилқышқылының гидрогелі стандартты әдіспен синтезделді (Jumadilov et al., 2024). Ісіну коэффициенті $K_i = 12.24$. Арнайы функционалдық топтардың болуына байланысты ион алмасу реакцияларына түсу қабілеті бар. Леватит CNP (H^+) – матрицасы тігілген полиакрилатқа негізделген әлсіз қышқылды макрокеуекті катион алмастырғыш.

КУ-2-8 H^+/Na^+ – стирол мен дивинилбензолдың сульфондалған сополимеріне негізделген гель түріндегі макрокеуекті құрылымы бар синтетикалық ионалмастырғыш шайыр. Жоғары осмостық тұрақтылықпен және агрессивті реагенттерге химиялық тұрақтылығымен сипатталады. Amberlite IR120 – стирол мен дивинилбензолдың сульфондалған сополимеріне негізделген күшті қышқылды гель типті катионалмастырғыш. КУ-2-8 (H^+) катионитінің аналогы. Ерітіндідегі галлий иондарының көзі ретінде галлий (III) нитраты гидраты $Ga(NO_3)_3 \cdot H_2O$ (Sigma-Oldrich, Германия) қолданылды. Галлий иондарының қалдық концентрациясы плазмамен индуктивті байланысқан атомды-эмиссионды спектрометрінде (ICAPPRO) анықталды. Зерттеу әдістер. Индуктивті байланысқан плазмалық атомдық эмиссиялық спектрометрі (Thermo Fisher Scientific, АҚШ), NICOLET 5700 инфрақызыл спектрометрі (Thermo Fischer Scientific, АҚШ).

Сорбция параметрлерін есептеу. Ионалмастырғыштардың галлий иондарын бөліп алу дәрежесі мына теңдеумен есептелді:

$$\eta = \frac{C_o - C_e}{C_o} * 100\%, \quad (1)$$

мұндағы C_o – ерітіндідегі галлий иондарының бастапқы концентрациясы, мг/л; C_e – ерітіндіде қалған галлий иондарының концентрациясы, мг/л.

Полимер тізбегінің байланысу дәрежесі мына формула бойынша есептелді:

$$\theta = \frac{v_{\text{сорб}}}{v_{\text{пол}}} * 100\%, \quad (2)$$


мұндағы $v_{\text{сорб}}$ – полимерге сорбцияланған галлий иондарының мөлшері, моль;
 $v_{\text{пол}}$ – полимер массасының мөлшері, моль.

Ионалмастырғыш шайырлардың тиімді динамикалық алмасу қабілеті мына формула бойынша есептелді:

$$Q = \frac{v_{\text{сорб}}}{m_{\text{пол}}}, \quad (3)$$

Мұндағы $v_{\text{сорб}}$ – полимерге сорбцияланған галлий иондарының мөлшері, моль;
 m – катиониттің массасы, г.


Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Функционалды топтары ұқсас ПАҚ гидрогелі және Леватит CNP (H^+) катионалмастырғышы бойынша алынған сорбция қисықтары 1-суретте көрсетілген. Полимер мен металл арасындағы 48 сағат әрекеттесуден кейін галлийдің қалдық концентрациясы айтарлықтай төмендеген. Катионалмастырғыштың сорбциялық қасиетіне көптеген факторлар әсер ететіні белгілі: комплекстүзуші заттың табиғаты мен концентрациясы, иондық түрі, ерітіндінің қышқылдығы, температура, ерітіндіде басқада комплекстүзуші заттардың және металл иондарының кездесуі, катионалмастырғыштағы тігуші агенттің концентрациясы, және т.б. (Ehrlich et al., 2017). Ерітіндімен шайыр арасындағы тепе-теңдік Леватит CNP (H^+) үшін 24 сағаттан кейін орнаған. Мұнда галлидің қалдық концентрациясы 20.71 мг/л. 48 сағаттан кейін - 19.76 мг/л. Ал ПАҚ гидрогелі үшін сорбция 48 сағатта максималды жүрген - 13.79 мг/л. Катионалмастырғыштағы тігуші агенттің концентрациясы полимердің құрылымына әсер ететіндіктен, бұл жағдайда полиакрилқышқылды гидрогелінің сорбциялық сымдылығы жоғары екені байқалады.



Сурет 1 - Уақытқа байланысты Ga (III) концентрациясының өзгерісі


Келесі 2-суретте күшті қышқылды сульфокатиониттердің сорбциясы барысындағы Ga (III) иондарының концентрациясының өзгерісі берілген. Сульфокатиониттер қарапайым және химиялық инертті матрицаға ие, біртекті мономер бірліктері бар дивинилбензолмен стиролдың сополимері. Бұл ион алмастырғыштардың функционалды сульфотоптары спецификалы және көптеген катиондармен әрекеттеседі.

Зерттеу нәтижелерінен әрекеттесу уақытының артуымен барлық сорбенттерде сорбция дәрежесі артқаны байқалады. Ga (III) иондарының жоғары сорбциясы КУ-2-8 (Na^+) ион алмастырғышында басқа аналогтармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары жүрген. Әдебиеттердегі мәліметтерге сүйене отырып, мұны катиониттің иондық түрі мен табиғатына және конформациялық өзгерісіне байланысты түсіндіруге болады (Nesterov, 2007). Полимердің сулы ортада ісінуі құрылымындағы функционалды топқа және противоионға байланысты. Себебі катиониттің ісіну дәрежесі H^+ иондық түрінде гидратациялану санына қарай салыстырмалы түрде төмен болса, Na^+ түріне ауысқанда жоғарылайды. Сондай-ақ гидратталған күйдегі радиусы үлкен иондарға жоғары ісіну құбылысы тән болғандықтан, бұл катионалмастырғыштың конформациялық өзгерісіне әкеледі.



Сурет 2 - Уақытқа байланысты Ga (III) концентрациясының өзгерісі

Функционалды тобымен иондық түрі әртүрлі ионалмастырғыштардың галлий иондарын сору дәрежесі 3-суретте берілген. Алынған қисықтардан гель түріндегі ПАҚ гидрогелінің және күшті қышқылды микрокеуекті КУ-2-8 (Na^+) катионалмастырғышының галлий (III) катиондарына қатысты айтарлықтай жоғары алмасу қабілеті бар екені байқалады. Әлсіз қышқылды, макрокеуекті Леватит CNP LF (H^+) үшін сору дәрежесі 34.79%, ал гель түріндегі ПАҚг сору дәрежесі 54.49%.



Сурет 3 - Катионалмастырғыштардың Ga (III) иондарын сору дәрежесінің уақытқа байланысты өзгерісі

Полимер тізбегінің байланысу дәрежесі (2) теңдеу арқылы есептелді. Полимер тізбегінің галлий иондарымен байланысу дәрежесінің ең жоғары мәні 48 сағат әрекеттесуден кейін ПАҚ гидрогелінде 2.79% құрады (1-кесте). Тиімді динамикалық алмасу сыйымдылығы ПАҚГ, Леватит CNP LF (H^+) және КУ-2-8 (Na^+) ионалмастырғыштарында жоғары екені анықталды (2-кесте).

Кесте 1. Полимер тізбегінің байланысу дәрежесі, θ %

Әрекет.уақыты, сағ.	0.5	1.5	6	24	48
ПАҚГ	0.28	0.70	1.54	2.24	2.79
Леватит CNP LF (H^+)	0.38	0.58	0.97	1.60	1.76
КУ-2-8 (H^+)	-	0.53	1.04	1.70	2.00
КУ-2-8 (Na^+)	-	0.57	1.25	2.13	2.77
Amberlite IR120	0.30	0.63	1.23	1.78	2.29


Кесте 2. Тиімді динамикалық алмасу сыйымдылығы, Q моль/г

Әрекет.уақыты, сағ.	0.5	1.5	6	24	48
ПАҚГ	0.000194	0.000483	0.00107	0.001553	0.001937
Леватит CNP LF (H^+)	0.000261	0.000405	0.000672	0.00111	0.001224
КУ-2-8 (H^+)	-	0.000147	0.000288	0.000472	0.000557
КУ-2-8 (Na^+)	-	0.000141	0.000309	0.000528	0.000687
Amberlite IR120	8.35E-05	0.000177	0.000343	0.000496	0.000637


Галлий иондарына қаныққан полимерлердің (ПАҚ гидрогелі, КУ-2-8 (Na^+) ИҚ спектрлері алынды. ИҚ-спектрлік талдау галлий иондарының сорбциясы ПАҚ гидрогелінің функционалдық топтарындағы айқын құрылымдық өзгерістермен расталады (4-сурет). Сорбциядан кейін спектрде иондалмаған қышқылдың $C=O$

шыңының 1749.1 см^{-1} аймағында айтарлықтай әлсіреуі оның депротондалғанын білдіреді. Сондай-ақ, иондалған карбоксилаттың (COO^-) жолақтары күшейіп, ығысуы нәтижесінде 1617.8 см^{-1} және 1577.8 см^{-1} маңайында интенсивті асимметриялық тербеліс шыңдары пайда болады, бұл Ga (III) иондарының полимерлік матрицамен комплекс түзуін дәлелдейді.

5-суретте КУ-2-8 катионоалмастырғыш шайырының галлий иондарын сорбциялағаннан кейінгі ИҚ-спектрі көрсетілген. Спектрдегі өзгерістер КУ-2-8 (Na^+) шайырымен Ga (III) иондарының сорбциясы екі негізгі механизм бойынша жүргенін көрсетеді: 1. Ион алмасу: Ga (III) ионының шайырдағы H^+ ионын алмастыруына байланысты сульфотоптардың басты жолақтарының ығысуы (мысалы, $1037.6\text{ см}^{-1} \rightarrow 1117.6\text{ см}^{-1}$). 2. Координациялық байланыс: Төменгі жиілік аймағындағы 473.1 см^{-1} жолақтың пайда болуы галлий-оттек (Ga-O) координациялық байланыстарының түзілгенін растайды.



Сурет 4 - Галлий иондарының сорбциясынан кейін ПАҚ гидрогелінің ИҚ спектрі



Сурет 5 - Галлий иондарының сорбциясынан кейін КУ-2-8 ионоалмастырғыш шайырының ИҚ спектрі

Қорытынды. Қарастырылған ионалмастырғыштарды сорбциялық сипаттамаларына қарай (Ga (III) ионына қатысты) мына қатарға орналастыруға болады: $\text{ПАҚ} > \text{КУ-2-8 (Na}^+) > \text{Amberlite IR120} > \text{КУ-2-8 (H}^+) > \text{Леватит CNP (H}^+)$. Су ерітінділерінен Ga (III) катиондарын сорбциялауға тиімді сорбенттер ретінде ПАҚ гидрогелін және гель түріндегі микрокеукті КУ-2-8 (Na^+) катионалмастырғышын ұсынуға болады.

Әдебиеттер

<https://www.examples.com/chemistry/gallium.html#:~:text=Gallium%20is%20utilized%20in%20various,the%20development%20of%20innovative%20technologies>

Печищева Н.В., Коробицына А.Д. & Мельчакова О.В. (2020) Особенности сорбции галлия на механоактивированном диоксиде титана. Труды Кольского научного центра РАН. — 11(3-4). — С.97-103.

Ji Gu. (2025) Integration and performance optimization of gallium nitride barrier micro nano electromechanical systems in intelligent agricultural sensor networks. *Measurement: Sensors*. — Vol. 38. <https://doi.org/10.1016/j.measen.2025.101814>

Popa L. & Weinstein D. (2013) 2DEG electrodes for piezoelectric transduction of AlGaIn/GaN MEMS resonators. Joint European Frequency and Time Forum and International Frequency Control Symposium, EFTF/IFC 2013. — P.922-925. <https://doi.org/10.1109/EFTF-IFC.2013.6702242>.

Shi J., Shao H., Wang K., Zhang T., Gong Y. & He Y. (2024) 3D-printed gallium-doped calcium silicate bioceramic scaffolds with high strength and osteogenesis-promoting properties. *Ceramics International*. <https://doi.org/10.1016/j.ceramint.2024.12.533>.

Чиркст Д.Э., Черемисина О.В., Черемисина Е.А. & Пономарева М.А. (2013) Сорбция галлия из щелочных растворов на анионитах. Известия высших учебных заведений. Цветная металлургия. — 22. — С.14-22.

Cheremisinina O., Chirkst D. & Ponomareva M. (2013) Thermodynamic study of cerium sorption onto anionite from sulfate media. *Russian Journal of Physical Chemistry A*. — 87 (2). — P.294-300. <https://doi.org/10.1134/S0036024413020349>.

Пимнева Л.А. (2011) Ионообменный способ очистки галлия от примесей. Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. — 10 (1). — С.82-83.

Hesamoddin G., Mohadeseh B. L., Mojtaba D., Mehrdad M. & Salman M. (2025) Optimized gallium extraction from Bayer liquor using ion exchange: Experimental modeling in batch mode and demonstration in continuous columns. *Results in Engineering*. — 27, 106753. <https://doi.org/10.1016/j.rineng.2025.106753>.

Nguyen T. H. & Lee M. S. (2019) A Review on Separation of Gallium and Indium from Leach Liquors by Solvent Extraction and Ion Exchange. *Mineral Processing and Extractive Metallurgy Review*. — 40(4). — P. 278–291. <https://doi.org/10.1080/08827508.2018.1538987>.

Jumadilov T.K., Kondaurav R.G., Abilov Z.A., Grazulevicius J.V. & Akimov A.A. (2017) Influence of polyacrylic acid and poly-4-vinylpyridine hydrogels mutual activation in intergel system on their sorption properties in relation to lanthanum (III) ions. *Polymer Bulletin*. — 74 (11). — P. 4701-4713. <https://doi.org/10.1007/s00289-017-1985-3>.

Jumadilov T.K., Suleimenova M.T. & Gražulevicius J.V. Selective Sorption of Gold Ions from Iron-Rich Solutions Using a Dual-Phase Interpolymer System. *Engineered Science*. — 35 (1482). <https://doi.org/10.30919/es1482>

Jumadilov T.K., Khimersen K., Haponiuk J.T. & Totkhuskyzy B. (2024) Enhanced Lutetium Ion Sorption from Aqueous Solutions Using Activated Ion Exchangers. *Polymers*. — 16. 220. <https://doi.org/10.3390/polym16020220>.

Эрлих Г.В. & Лисичкин Г.В. (2017) Сорбция в химии редкоземельных элементов. Журнал общей химии. — 6. — С.1001-1027.

Нестеров Ю. В. (2007) Иониты и ионообмен. Сорбционная технология при добыче урана и других металлов методом подземного выщелачивания. Москва: Юникор-Издат. — 480 с.

References

- <https://www.examples.com/chemistry/gallium.html#:~:text=Gallium%20is%20utilized%20in%20various,the%20development%20of%20innovative%20technologies> (in English)
- Pechishcheva N.V., Korobitsyna A.D. & Melchakova O.V. (2020). Osobennosti sorbtsii galliya na mekhanoaktivirovannom dioksidi titana [Features of gallium sorption on mechanically activated titanium dioxide]. Proceedings of the Kola Science Center of the RAS. — 11(3-4). — P.97-103. (in Russian)
- Ji Gu. (2025) Integration and performance optimization of gallium nitride barrier micro nano electromechanical systems in intelligent agricultural sensor networks. *Measurement: Sensors*. — Vol. 38. <https://doi.org/10.1016/j.measen.2025.101814> (in English)
- Popa L. & Weinstein D. (2013). 2DEG electrodes for piezoelectric transduction of AlGaIn/GaN MEMS resonators. Joint European Frequency and Time Forum and International Frequency Control Symposium, EFTF/IFC 2013. — P. 922-925. <https://doi.org/10.1109/EFTF-IFC.2013.6702242> (in English)
- Shi J., Shao H., Wang K., Zhang T., Gong Y. & He Y. (2024) 3D-printed gallium-doped calcium silicate bioceramic scaffolds with high strength and osteogenesis-promoting properties. *Ceramics International*. <https://doi.org/10.1016/j.ceramint.2024.12.533>. (in English)
- Chirkst D.E., Cheremisina O.V., Cheremisina E.A. & Ponomareva M.A. (2013) Sorbtsiya galliya iz shchelochnykh rastvorov na anionitakh [Gallium sorption from alkaline solutions on anion exchangers]. News of higher educational institutions. Non-ferrous metallurgy. — 22. — P. 14-22. (in Russian)
- Cheremisina O., Chirkst D. & Ponomareva M. (2013) Thermodynamic study of cerium sorption onto anionite from sulfate media. *Russian Journal of Physical Chemistry A*. — 87 (2). — P.294-300. <https://doi.org/10.1134/S0036024413020349> (in English)
- Pimneva L.A. (2011). Ionoobmennyy sposob ochistki galliya ot primesey [Ion-exchange method for purifying gallium from impurities]. *International Journal of Applied and Fundamental Research*. — 10 (1). — P.82-83. (in Russian)
- Hesamoddin G., Mohadeseh B. L., Mojtaba D., Mehrdad M. & Salman M. (2025). Optimized gallium extraction from Bayer liquor using ion exchange: Experimental modeling in batch mode and demonstration in continuous columns. *Results in Engineering*, 27, 106753. <https://doi.org/10.1016/j.rineng.2025.106753> (in English)
- Nguyen T.H. & Lee M.S. (2019) A Review on Separation of Gallium and Indium from Leach Liquors by Solvent Extraction and Ion Exchange. *Mineral Processing and Extractive Metallurgy Review*. — 40(4). — P. 278–291. <https://doi.org/10.1080/08827508.2018.1538987> (in English)
- Jumadilov T.K., Kondaurov R.G., Abilov Z.A., Gražulevicius J.V. & Akimov A.A. (2017) Influence of polyacrylic acid and poly-4-vinylpyridine hydrogels mutual activation in intergel system on their sorption properties in relation to lanthanum (III) ions. *Polymer Bulletin*. — 74 (11). — P. 4701–4713. <https://doi.org/10.1007/s00289-017-1985-3> (in English)
- Jumadilov T.K., Suleimenova M.T. & Gražulevicius J.V. (2025) Selective Sorption of Gold Ions from Iron-Rich Solutions Using a Dual-Phase Interpolymer System. *Engineered Science*. — 35 (1482). <https://doi.org/10.30919/es1482> (in English)
- Jumadilov T.K., Khimersen K., Haponiuk J.T. & Totkhuskyzy B. (2024). Enhanced Lutetium Ion Sorption from Aqueous Solutions Using Activated Ion Exchangers. *Polymers*. — 16. 220. <https://doi.org/10.3390/polym16020220> (in English)
- Erlch G.V. & Lisichkin G.V. (2017) Sorbtsiya v khimii redkozemel'nykh elementov [Sorption in the chemistry of rare earth elements]. *Russian Journal of General Chemistry*. — 6. — P.1001-1027. (in Russian)
- Nesterov Yu.V. (2007) Ionity i ionoobmen. Sorbtsionnaya tekhnologiya pri dobyche urana i drugikh metallov metodom podzemnogo vyshchelachivaniya [Ion exchangers and ion exchange. Sorption technology in the extraction of uranium and other metals by underground leaching]. Moscow: Unicor-Izdat. — 480 p. (in Russian)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 23.12.2025.

Формат 60х88^{1/8}. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

13,5 п.л. Заказ 4.

«Central Asian Academic Research Center» LLP

Алматы, Қонаев к-сі, 142